# Эссе

## „Кенесары - Наурызбай" жырындағы көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшеліктері.

Біздің қазақ халқына әйгілі, ойшыл, шешен атаулы, сонымен қатар керемет жырау, бұл „Кенесары-Наурызбай" жырының авторы - Нысанбай жырау. Нақты „қазақтан асқан шебер жоқ" дегендей ұлтымыздан сөзге шебер, тапқыр жазушылар, жыраулар және ақындар өте көп. Тілімізді көркейткен осындай ұлы тұлғаларға алғысым шексіз. Менің ойымша, біздің тіліміздің әдемілігі, я байлығы сонша, тіпті шетелдіктер біздің тілімізге қызығушылық танытады. Сонымен қоса, әдебиетіміз де өте жақсы дамыған. Дамығаны соншалықты, тіпті әртүрлі бағыттарға, терминдерге бөлініп кеткен. Оның ішінде көркемдегіш құралдарға тоқталайық. Қысқаша атап өткенде, бұл кез-келген шығарманы және өлеңдерді безендіретін сөздер.

Жырлардағы көркемдегіш құралдардың маңызы бар ма?

Әрине, бар. Ендеше оны мен „Кенесары-Наурызбай" жырындағы көркемдегіш құралдардың ерекшеліктері арқылы дәлелдей аламын. Бұл жырда олар көп қолданылған. Мысалы, Наурызбай мен Күйбоздың арасындағы түсініспеушілікте, батырға қырғыздар сұрақ қойғанда, Кенесары хан қырғыздарға қарсы көтеріліс жасағанда да көркемдегіш құралдар қолданылған. Тереңірек тоқталсақ көркемдегіш құралдардың



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

қолданылу мақсаты - шығарманы және өлеңді оқыр-
манға жеңіл сөздермен жеткізу, оқырманның бұл шығар-
маға деген оқу құштарлығын арттыру, ойды ерек-
ше жеткізу үшін қолданылады. Сонымен қатар көркем-
дегіш құралдар бірнеше түрге бөлінеді. Оның ішінде
„Кенесары-Наурызбай" жырында жиі кездесетін құрал-
дар түрлері: бұл: эпитет, теңеу және метафоралар.
Бұны мен астындағы жырдың үзіндісінен мысал келтіріп,
дәлелдей аламын:

„О, Наурызбай, Наурызбай,
Дұшпаныңдай болдың ғой"- деген жолдарда теңеу
қолданылған. Яғни, батырдың зұлым дұшпанға теңеп
тұрғаны белгілі.

Келесі үзіндіде:

„Алтай жүйрік, ержүрек,
Кенесарының батыры,
Ыстық көзбен бақылап,
Өңіз батыр дайындап,
Қырғыздарға қарсы аттанды"- деген өлең жолдарында
эпитет пен теңеу сияқты көркемдегіш құралдар
оқырманға ойды ерекше әрі жеңіл жеткізу үшін қолда-
нылған. Жырда сонымен қатар Кенесары хан туралы
жазылған. Яғни, көркемдегіш құралдар арқылы
Кененің өте ақылды, тапқыр, жүйрік әрі батыр мен
ел билеуші яғни, хан екенің автор сипаттады.
Енді, халқымыз „Ерге жеті өнер жетеді" дегендей
Кененің бойында осы өнер-қасиеттердің барлығы
бар екеніне көзім жетеді. Менімше,


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

бұл жыр өте жақсы жазылған.(деп ойлаймын). Ал жырдың ерекшелігі бұл көркемдегіш құралдар. Яғни, автор көздеген мақсатына жетті. Жырды керемет жазып халқымыздың тарихын, батырлар мен хандарын өте жеңіл түрде насихаттады. Елестетіп көрейікші, егер, көркемдегіш құралдар болмаса ше? Жазушылар өз ойларын керемет әрі жеңіл түрде жеткізе алар ма еді?! Әрине, жоқ. Көркемдегіш құралдарсыз шығарманың бар әні мен мәні, соншалықты жеңіл болмаушы еді.

Ойымды қорыта келе, әлі бұл тақырыпқа көп жазып, жан-жақтан талдап, көркемдегіш құралдардың ерекшеліктерін нақты айқындап жазуға болады. „Кенесары-Наурызбай" жырындағы көркемдегіш құралдар өте мағыналы және орынды (орынды) қолданылған деп ойлаймын. Сонымен қатар, олардың маңызы зор екеніне көзім жетті.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# Эссе

## Ұлтжандылықтан жаралған ұлылық

Бауыржан Момышұлы – есімі бүкіл әлемге танылған батыр, көрнекті ақын, қазақ елінің жарқын болашағы үшін ерен еңбек еткен қадірлі тұлға.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның намысын қорғап, ел тәуелсіздігін аңсағандардың бірі – осы Бауыржан ағамыз болған. Оқуын енді аяқтаған кезде өзінің қалауымен майданға қатысады. Ол өз болашағына нұқсан келетіндігіне қарамастан әскерге қосылады. Бауыржан Момышұлы жоғарғы оқу орнында алған біліммен жақсы маман иесі бола алатынын біле тұрса да, халқының тәуелсіздігі үшін күресуді таңдайды. 1941 жылы майданда командир болып жұмыс істейді. Қазақ азаматтарын соғысқа шақырып, оларды ынталандырып отырған. Ол халқының ешкімге тәуелді болмауы үшін көп еңбек еткен. Майдан уақытында өз ержүректілігімен, төзімділігімен көзге түскен Бауыржан ағамыз ешқашан артқа шегінбеген. Түрлі айлаларының арқасында жауды алдап отырған. Ол немістердің алдына барып, қазақ елінің берілетіндігі туралы өтірік айтып, олардың сеніміне кіріп алады. Кейін Бауыржан Момышұлы күтпеген жерден шабуылдап, оларды біртіндеп өлтіреді. Осы жайттан кейін оның даңқы одан сайын артады. Жау оның халқы үшін бәріне дайын екенін түсініп, қорқа бастайды. Бауыржан ағамыз Қазақстанмен қатар Ресейдің де намысын қорғаған. 1941-1945 жылдары болған Мәскеу үшін күрес пен Ленинград үшін күреске қатысып, жауды жеңе алған. Осы соғыстарда көрсеткен ерлігінің арқасында Ресей үкіметінің мақтанышына айналады. Ол Ұлы Отан соғысы жылдарында өз халқын



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

сатып кетпей, тәуелсіздік үшін соңғы демі қалғанша күрескен. Ауыр жарақат алса да, намысы тапталса да ешқашан үмітін үзбеген. Қазақ елінің қайтсе де егемендік алатынына толықтай сенімді болған.

Бауыржан Момышұлы – халқының болашағы үшін соғысқан ержүрек батыр ғана емес, сондай-ақ шыншыл ақын. Ол қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, ауыр тағдырын қағаз бетіне түсіруді қатты ұнатқан. Жастайынан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен терең танысып шыққан. Қазақстанның кең-байтақ жерін, бауырмал адамдарын бүкіл әлем білуі керек деп санаған ақын, бала кезінен қолына қалам алып, түрлі шығармаларды жазады. Мысал ретінде, оның „Ұшқан ұя" повесін алайық. Бауыржан Момышұлы бұл шығармасында өз отбасын сипаттайды. Отбасындағы сүйіспеншілік пен махаббаттың маңызын түсіндіреді. Қарапайым қазақ халқының күнделікті тұрмысы мен салт-дәстүрлері сипатталған бұл повесть – біздің асыл мұрамыз.

Елінің тәуелсіздігі үшін күрескен, халқының намысының тапталуына жол бермеген, ұлтының мақтанышы атанған Бауыржан ағамыз – ел есінде!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором KL 09-03

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1.

«Кенесары-Наурызбай» жырындағы көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшеліктері.

«Кенесары-Наурызбай» жыры қазақ халқының тарихи шығармаларының бірі болып саналады. Жырды жазып, өз атын елге танытқан, шындықты әйгілеген Нысанбай жырау. Оның шығармалары көбінесе соғыстың барысы, халықтың соғыс уақытындағы жағдайы, басын кешкен барлық қауіп қатерлері мен қиындықтары тайлы жазылған. Соның арқасында еліміздің тарихы орында тұрмай ары қарай зерттеліп жатыр. Нысанбай жазған жырында әскери жағдайлар анық суреттеледі. Жалпы қазақтар мен қалмақтардың арасында болған шайқас туралы айтылған. Ол өз жырын толықтай жеткізе алды деп ойлаймын. Мен оны шығармада (қолданылған) шешендік өнерінің шебер қолданғаны арқылы байқай алдым. Өйткені жырда кездескен әртүрлі көркемдегіш құралдар назарсыз қала алмады.

Біріншіден, автор өз шешендік өнерін іске қосып жырдың тақырыбын толықтай ашып бере алды. Оның шығармада қолданған көркемдегіш құралдары оқырманға ерекше әсер тигізіп, әрі қарай қызықтырады.

Екіншіден, оқиға барысында болған жағдайлар ерекше сөздермен суреттеліп, мағынасы ашылып, сол уақытта болған жерге дейін жеткізеді. Мысалы, „тағыраңқа тіреліп, шығар талап таба алмай"


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

деп шығар жолын білмей қасіретті сезімін сипатталады.

Үйлесімдеп, келтірілген эпитет, метафора мен фразеологиялық сөздер кейіпкерлердің нақты суретін суреттеп, мінезін ашады. Бұл шығарманың мазмұнын түсінуге көмектеседі.

Қорытындылай келе „Кенесары-Наурызбай" жырындағы көркемдейім құралдардың қолданылу ерекшелігі маңызды рөл атқарды. Құралдардың қолданылмауы жырдың құрылысын бұзып, мағынасы ашылмай қалып қалуы анық. Сол себептен көркемдейім құралсыз кез келген шығарма өз тақырыбының ерекшелігін жоғалтады.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# Шешендік толғау және ондағы айшықтау мен құбылту түрлері

Шешендік өнер - қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгісі. Шешендік өнер - белгілі бір тақырыпқа байланысты айтылатын, көркем сөз бен тапқырлықты қажет ететін үлгілі ойлар, тұжырымдар топтамасы. „Түгел сөздің түбі бір, түп атасы - Майқы би„ - дей келе шешендік өнердің қазақ халқында Майқы биден бастау алып, заман ағымына қарай Жиренше, Асанқайғы және келер заманның ұлы биімен жалғасын тапқанын көреміз.

Халық арасынан шыққан билердің, шешендердің түйінді сөзі ел ішіндегі көптеген мәселелерді шешіп, елдің бірлігін нығайтқан. Дана билердің айтқан ғибратты сөздері мазмұнына қарай шешендік: арнау, толғау, дау деп бөлінеді. Халық жадынан шықпай, елге насихат дәріптеген түрі - шешендік толғау. Шешендік толғау - құрылысы жағынан өлеңге ұқсайтын басынан аяғына дейін өсиет пен ғибрат ойдан тұратын нақыл сөз. Бұл толғау түрінде айшықтау мен көркемдеуіш құралдардың орны ауқымды, құбылтуы көрініс тапқан. Шешендік толғау - философиялық мәні зор көркем тұжырым.

Біріншіден, Әйтеке абыздың „Жеті қазына" өлеңінде де шешендік толғауға сай ғибратты ойлар айтылады. Бұл шығармада „Жеті қазына" деп әйелді, асыл жорды меңзеп, метафоралап, „жеті қазынаға" кіретін әр затты айшықтап тұр. Бұл өлеңде "жеті қазынаға" деп саналатын әр заттың қадірін біліп, бағалау деген идея айтылады. Бұл өлеңмен түйген қорытындыға да ауызға толы.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Екіншіден, біз бастан аяқ ақылға сай болды, келешек ұрпаққа айтылатын ой-тұжырымдамаларды. Бұндай жолдарды „Тілек" өлеңінен байқаймыз. Он бір тілектен тұрған өлеңнің әр жолы келешек ұрпаққа үміт-нақыл ретінде айтылады. Мысалға:

„Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Алла деп істі бастауға", - деп, әр істі Алла атымен бастауға шақырады. Сөйтіп, әр өлең жолы жалғасып, елге ақылын айтады.

Үшіншіден, біз Сырым Датұлының көреген, қолбасшы әрі шешен болғанын білеміз. Бұндай адамның тапқырлығы, шешендігі сонша, - ол тұсқауындан қайтқан шешен сауалға мүдірмей жауап береді екен. Мысалға:
"Сөз анасы, су анасы, тол анасы, дін анасы неден?" - деген сұраққа Сырым:

"Сөз анасы - құлақтан,
Су анасы - бұлақтан,
Тол анасы - тұяқтан,
Дін анасы - ұяттан", - деп жауап берген екен. Бұл сөздерден әркім өзіне керекті білімді алады. Бұл тұжырымдамада мен тек қана Сырым Датұлын айтып кеттім. Бірақ жалпы мен үшін әр би, шешеннің сөзі өсиет болып қалады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінің айтар болсам, бұл өнер - тек қазақ халқына тән, тәрбиелік мәні зор ойлар. Әр айтылған ой қазақ халқының тілдік әдебиеті, тәрбиесі үшін құнды ілім болып, өзінің құндылығын жоғалтпай, халық есінде мәңгі сақталады.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шешендік өнер - ғибрат көзі.

Қазақтар - сөзге бай, шешен көсем халық. Қазақ тілінің көркем сөздері таусылмас сарқын секілді, шегі жоқ. Оларды біз қазақ әдебиет-і әдебиетіндегі шығармалардан оқып біле аламыз. Сондай шығарма-лардың бірі Нысанбай жыраудың "Кенесары-Наурызбай" жыры. Жырда қазақ тарихында болған, қайтпас қайсарлығымен, ер жүректерімен елге танылған, батыр тұлғалар Кенесары мен Наурызбай жайлы, олардың «Ер елі үшін өледі, ел үшін туады» деген секілді ел үшін, елінің қамын ойлап, жандарын шүберекке түйіп ерлік көрсеткендерін қағаз бетіне кестелі тілмен, бізге асыл мұра, өшпес із ретінде қалдырып кеткен. Осы орайда, «Автор неліктен кестелі тілді яғни көркемдегіш құралдарды қолдануының ерекшелігі неде?» деген сұрақ туындайды. Айтып нақтылай кетсем.

Кенесары-Наурызбай жырында автор өте керемет, сан алуан түрлі көркемдегіш құралдарды қолданған. Мысалы,

«Біздің елдің Кенесі
Көк найзаны қолға алып,
Қалың қолға дем беріп» - деген жолдарда қалың қол деген эпитет яғни көп әскер деген сөзбен алмастырып, оның қадір-қасиетін айшық-тады. Автор тек эпитетпен шектеліп қалмай метафора, сөздіктің түбінде жатқан архаизм сөздерді де қолданып отырған. Бұл жерден қазақ тілінің байлығын байқай аламыз. Автор оларды қолдануының ерекшелігі шығарманы әдемі, көркем жеткізу, басты мақсат. Оқырман-ды шығарманы оқу барысында өзіне баулап алуды көздеп отыр, әрине, шығарма қарапайым тілмен жазылса оны оқу қызықсыздығы жалықтырып жіберетіні сөзсіз. Батырлардың іс-әрекеті, ерліктерін әсірелеп жазуы, бойдағы рухты, патриоттық сезімді оятады. Осы тұста көркемдегіш құралдар мен әр сөздің шығармада басты ойымен қоса мағынада рөл атқаратынын аңғарамыз.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Кенесары-Наурызбай жырындағы көркемдегіш құралдар шығарманың тірегі, сір бөлігі, бет бейнесі және шығарманың өзектілігін арттырушы десекте артық етпейді. Шығарманы қызық тартушы да сөз, жай ғана сөз емес, көркем сөз. Бұл сөздің астарында әрине көркемдегіш құралдар жатыр. Сондықтан да, көркемдегіш құралдар шығармада маңызды рөл атқарады.

Мен де шығарманы оқи отырып, толғанып, әрі қызығып аяқтағаным рас. Барша жастарға шығарманы оқуға, тіл байлығымызды толықтыра білуге, сөздік қорымызды молайтуға кеңес беремін!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе

„Кенесары-Наурызбай" жырындағы көркемдік құралдардың қолдану ерекшеліктері.

„Кенесары-Наурызбай" дастанындағы қазақ елінің ұлт-азаттық көтерілісі мен қазақ халқының тәуелсіздікке жету жолындағы оқиғалы тарихы туралы толықтай жырланған. Бұл шығарманы оқуға лайық және ерекше етіп жазған - Нысанбай жырау, оның „Кенесары-Наурызбай" дастаны жаудағы басты көмекшілері - көркемдік құралдар болған. Себебі, көркемдік құралдарсыз бұл шығарма мүлдем басқа, сонымен қатар, өз ерекшелігінде жоғалтып алу мүмкіндігі туар еді. Сондықтан, „Кенесары-Наурызбай" шығармасы Нысанбай жырау дұрыс қолданған көркемдік құралдардың арқасында үлкен танымалдылыққа ие болып, есте қалып және керемет шығарма болып саналады. Ойымды білдіре отыра бізде мына сұрақ келді, „Кенесары-Наурызбай" дастанын аса ерекше жасап тұрған көркемдік құралдар қандай?

Біріншіден, бұл дастанда қолданылған көркемдік құралдардың бірі эпитет болған. Эпитет арқылы Нысанбай жырау көтеріліске қатысқан батырлардың мінез-құлқын, бет-әлпетін, әр батырдың ерекшелігін, жасаған ерліктерін сипаттай отырып, өлең жолдарын ерекше етіп байланыстыра алған. Бұл көркемдік құрал айта кеткендей өлең жолдарын байланыстыруда маңызды рөл атқарған. Сол себепті, эпитет осы дастанда жиі байқалған. Бұл көркемдік құралдың арқасында Нысанбай жырау осы көтерілісте


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

байқаған бар ерекшеліктерін әдеби тілде жазып, біздің ұрпаққа тарихи оқиғаның толық шынайы жүзін бетіне жаза кеткен. Оқиғаның болып жатқан жерін, батырлардың рухын, олардың қарсыластарының мақсатын осының барлығын Нысанбай жырау эпитет арқылы көркемдеткен. Сондықтан, эпитет көркемдегіш құралдардың маңыздысы болып, дастанды аса ерекше жасап тұрған құралдың бірі болып саналған деген ойдамын.

Екіншіден, бұл дастан ішінде байқаған маңызды көркемдегіш құралының бірі - теңеу. Бұл шығармада теңеу жиі кездесіп. Теңеу арқылы Нысанбай жырау „Кенесары-Наурызбай" жырында өз көрген оқиғаларын тұрмыстық өмірде кездесетін жағдайлармен салыстырып немесе теңеп оқырмандар үшін түсінікті етіп жазғанымен қатар, өз ойын тереңірек түрде білдірген. Осы қасиеті үшін шығарма әдеби ғана болмай, терең ойлы шығармаға да айналған. Әр батырдың қолының, жасаған ерлігін сипаттай отырып жақсы заттармен теңей алған. Сол себепті, теңеу көркемдегіш құралдардың маңызды бірі болған, сонымен қатар дастанның ерекшелігін арттырды деген ойдамын.

Өз ойымды қорытындылай отырамын шешімге келдім, „Кенесары-Наурызбай" дастанында көптеген көркемдегіш құралдар кездеседі, мысалға риторикалық сұрақ, метафора, аллитерация, бірақ шығарманы аса ерекше ете алған көркемдегіш құралдар - теңеу мен эпитет. Себебі, бұл көркемдегіш құралдар жиі кездесіп, шығарманың маңызды ойларын әдеби түрде жеткізуге көмек еткен құралдар - теңеу мен эпитет. Сондықтан, „Кенесары-Наурызбай" дастанын аса ерекше жасап тұрған көркемдегіш құралдар - эпитет пен теңеу!

290 сөз



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Кенесары-Наурызбай" жырындағы көркемдегіш құралдардың қолдану ерекшеліктері.

„Кенесары-Наурызбай" жыры- қазақ әдебиетіндегі жүйелі, көркем, айқын жазылған шығармалардың бірі. Мұхтар Әуезов айтпақшы: „Кенесары көтерілісі жайлы көп ақын жазса да, Нысанбай жыраудан асып түсе алмайды" Нысанбай жырау өзінің көргені арқылы, жырда көркемдегіш құралдарды орынды әрі ерекшелікпен қолдана отырып, оқиғаны шыншыл бағалады.

Біріншіден, Нысанбай жыраудың көркемдеуіш құралдарды қолдануындағы өз ерекшеліктері болды. Ол Кенесары, Наурызбай, Ержан және басқа да батырлардың бейнесін сипаттау үшін теңеу, метафора және сол сияқты құралдарды жиі пайдаланды. Бұл кейіпкерлердің сырт-келбеті мен мінез-құлқын бейнелеуде үлкен рөл атқарды. Мысалы, осы құралдарды пайдалану арқылы Наурызбайдың ержүректігін байқай аламыз.

Екіншіден, көтерілістегі орын алған жайттардың көлемділігін бейнелеу үшін шығармада теңеу мен гипербола сынды көркемдеуіш құралдар қолданылған. Осы құралдардың қолданылуы арқылы оқиға қаталдығын көреміз. Және гипербола қолданылуы оқырманның назарын ұстауға көмектеседі деп ойлаймын. Мысалы, қырғыздармен соқтығысында бұл құралдарды пайдаланғанын көреміз.

Сонымен қатар, шығарма жауынгерлік рухты жеткізсе де, оқиғаның көркем бағалануы үшін эпитет шығармада өз орнын тапты. Бұл шығарманың көркем тілмен жеткізіліп, оқырман шығарманы сүйсініп оқуына себеп болды. Және



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором KL 09-07

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

меңіз өлшемі, әзіпет қолданылуы шығармаға түстер қосты.

Қорытындылай келсем, Нысанбай жыраудың „Кенесары-Наурызбай" жырындағы баяндау мен кейіпкерлерді сипаттау тәсілі өте шынайы әрі көркем болды. Ол жырда көркемдегіш құралдарды ерекшелікпен, орынды қолдану арқылы, Кенесары көтерілісін ашық жеткізді. Сондықтан, бұл шығарманың қазақ әдебиетіндегі орны бөлек деп ойлаймын.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Нысанбай жырау- XIX ғасырдың белгілі батыры, әрі ақыны, Кенесары ханның қолдаушысы, ~~батыры~~ кеңесшісі. Ол шығармаларын батырлық, ерлік, әділдік, бірлік тақырыптарында жазған. Сондай тақырыпта жазылған шығармаларының бірі „Кенесары - Наурызбай" жыры. Бұл шығарма Нысанбайды барша қазақ халқына танытқан шығарма. Оның себебі- Нысанбайдың Кенесары ханның бейнесін дәлдеп, асқан шеберлікпен жеткізуінде. Тіпті, М. Әуезов бұл жайлы былай деген- „Кенесары хан жайлы жазып, оның шынайы бейнесін ашып, қандай тұлға екенін көрсеткен ақындардың ішіндегі ең мықтысы - Нысанбай жырау." Бірақ „Кенесары - Наурызбай" жырының Кенесары жайлы жазылған шығармалардың ішінде ең үздік атану себебі неде?

Менің ойымша, бұның себебі - шығарманың көркемдік құндылығында, автордың шеберлігінде. Біріншіден, бұл шығармада көркемдегіш құралдар, әсіресе метафора мен теңеу көп қолданылған. Мысалы, Наурызбай жырдың басында Кенесары ханның образын ашу мақсатында метафора мен теңеуді кеңінен қолданып, Кенесарыны жолбарысқа теңейді. Бұл оған Кенесарының айқын бейнесін ашып, оқиға желісін оқырманға жеңіл әрі түсінікті етіп жеткізуге көмектеседі.

Екіншіден, автор шығармаға серпін қосу, оқырманға әсер ету мақсатында психологиялық параллелизмді қолданады. Мысалы, Кенесары мен Наурызбайдың інісі Ерсан қырғыздарға тұтқынға түскендегі Кенесарының азасын найзағаймен, Кенесары ханның ~~(қайтыс)~~ жау қолынан қайтыс болғандағы Наурызбайдың күйін түнерген қара бұлтпен үйлестіреді. Бұл автордың шеберлігін көрсетіп, оқырманға кейіпкерлердің көңіл-күйін, жан айқайын сезінуге, оқиғаның мән жайын, ~~сезінуге~~ түсінуге, шығарманың басты құндылығын түсінуге көмек береді.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором KL 09-08

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 2

Қорытындылай келе, мен Нысанбай жырау қазақ әдебиетіндегі орны ерекше, шебер, дана ақын деген ойға келдім. „Өнер алды қызыл тіл" демекші, қазіргі жастарға Нысанбай жырау шығармашылығымен таныс болып, „Кенесары-Наурызбай" жырын оқуға кеңес беремін.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ұлтжандылықтан жаралған ұлылық

Ешкімді де, ештеңені де ұмытылмайды.

Қазақтың көрнекті қайраткерлері ұлт үшін батырлығымен ерлігін көрсетеді. Олардың бойында ұлтжандылық қасиеті болғанымен ұлы тұлға ретінде жаралады. Әр азаматтың қасиеттерінде ұлтжандылық пен халқына деген адалдық болу керек. Көрнекті тұлғаларымыздың бірі – Бауыржан Момышұлы. Ол еліміз үшін бәріне дайын болған, бойында ұлтжандылығының қасиетін көрсете білген батыр.

Бауыржан Момышұлы – қазақтың батыры, ұлы тұлға және қоғам қайраткері. Ол тек қазақстандықтардың арасында емес, бүкіл әлемдік ұлылық тұлға. Батырымыздың бойында еліне деген сүйіспеншілік, махаббат және ұлтжандылық қасиеттері бар. Бауыржан Момышұлы өз өмірін еліне арнаған. Мәскеу бойында өткен шайқаста маңдай терін төгіп, күрескен. Бауыржан Момышұлы тек қана елге адал батыр емес, көрнекті жазушы болып келеді. Оның көптеген қызықты оқиғаларымен шығармалары бар. Мысалы, "Мәскеу үшін шайқас" шығармасы. Бұл шығармасында автор Мәскеу бойындағы шайқасты бейнелейді. "Мәскеу үшін шайқас" шығармасын оқығанда әртүрлі сезімдерде сезесің. Шығарманы оқу барысында шайқас



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

уақытында жиһандеп сезім санады. Менің ойымша Бауыржан Момышұлының халық арасында орны бөлек және жоғарыда. Себебі, батыр халқы үшін шайқасқа қатысқан. Бәлкім, осындай көрнекті қайраткерлерімізсіз осындай жетістіктерге жетуші едік пе? Қазақ халқының арасында Бауыржан Момышұлы ерлігімен өте ерекше тұлға ретінде сақталып қалады. Біз ешкімде де, ештеңені де ұмытпаймыз. Себебі, біздің батырларымыз келешек ұрпағы үшін маңдай терлерін төгіп, жандарын берді. Осындай қайраткерлерімізді ешқашан ұмытпаймыз.

Әр азаматтың ұлылығы ұтымсандылықтар жарағады. Бұл қасиет көбінде баға бермейді, тек елі-не ақылдығы бар адамда болады. Ұтымсандылық ұлылықтың белгісі.

3) „Ұлтжандылықтан жаралған ұлылық"

Қазақ халқында аса бағаланатын қасиет – ұлтжандылық. Ұлтжандылық дегеніміз – өз еліне, ұлтына жан-дүниесін арнау, ол үшін барлық іске дайын болу, қорғай білу. Міне, осы қасиетімен ұлылыққа қол жеткізген, Ұлы Отан соғысында ерлігін көрсеткен, „елім, жерім" деп өмір сүрген адам – Бауыржан Момышұлы.

Бауыржан Момышұлы өз ұлтын ерекше сүйген. Кішкентай кезінен Отанға деген махаббаты шексіз еді. Себебі атасы-әжесінің қолында, ауылда, туған жердің құшағында самал желмен дем алып, оның жұпар иісін, мән-мағынасын бойына сіңірді. Ол атасы мен әжесінен тәлім-тәрбиені, мінез, ақыл-парасат және туған жерге ыстық сезімін аманат етіп алды. Өсе келе, Қызыл Армия құрамына кіріп, кейін қолбасшы атанып немістерге қарсы соғысты, шайқастар барысында өз ерлігін ғана емес, тегіс қазақ халқының биік рухын, күшін басқаларға паш етті. 1945 жыл 9-мамыр. 1941-1945 жылдар аралығында созылған соғыс аяқталды. Жеңіс күнін бүкіл КСРО тойлаған кезде, Бауыржан Момышұлы өзін толықтай жазушылыққа арнаймын деп шешіп, шығармашылық өмірге тереңірек үңілді. Өмірінде өзінің ұлт-



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

~~(екен)~~ жанды екенін талай рет дәлелдеген. Біріншіден, қазақ елінің танымында оның үлесі де зор болды. Бауыржанның атын танығанда, есімімен қоса, қазақ екендігін көптеген адамдар біліп таңғалған, өз шығармаларын арнаған. Алайда, соғыс аяқталған соң орыс үкіметі оған ұлты мен атақ-даңқ арасында таңдау бергенде, елін таңдап, оған „Ұлы Отан соғыс батыры" атағы берілмей қалды, бірақ, меніңше, бұл – халқына, ұлтына адалдығының айқын дәлелі. Екіншіден, еліне деген сүйіспеншілігін ол шығармалары арқылы жеткізген. Туған жердің жер табиғатын, ауылын, қазақ халқының өмір-салтын сипаттаған. Сондай шығармаларға „Ұшқан ұя" жатады, ол жерде халқымыздың тәрбиесін, атасы мен әжесін, ауыл өмірін бейнелейді. Ұясы – Отанды, ұшқан құс оны білдіріп тұр. Шыныменен де, меніңше, әр адам ерте ме, кеш пе өз ұясынан ұшуға мәжбүр болады. Бірақ одан ыстық, одан жылы жерді таба алмайды. Үшіншіден, Бауыржан Момышұлы ақы- тоқтатқан шақта, болашақ қазақ ұрпаққа өсиет-нақыл сөздерін қалдырған. Себебі ата-әжесінен, Отанынан алған тәрбиені келешек қазақтың жас пен кәрісі өмірде қолданады деп сенген.

Қорытындылай келе, бұл адам ұлтын шынайы сүйген деп ойлаймын. Оның ұлтжандылықтан туған ұлылығы – бұған дәлел.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қазіргі жастар арасында Бауыржан Момышұлы сияқтылардың көп болуы – менің арманым, ең тілегім.

Ұлтжандылықтан тараған ұлылық

Ұлтжандылық - ұлтына, халқына деген жанашырлық, еліне деген махаббат. Яғни патриотизм деп түсінуге болады. Қазақ жерін қорғаймыз деп өмірін құрбан еткен қаһарман батырлар өте көп. Олардың ішінде Бауыржан Момышұлыда бар.

Бауыржан Момышұлы - отанын, ұлтын қорғайтын, елімді тәуелсіздікке жеткіземін деген мақсатпен майданға аттанып, халық үшін мәңгілікке батыр болып қалады. Бауыржанға кіші кезінен әжесі жеті атасын үйретіп, туған жердің құндылығын түсіндірген. Менің осы әрекеттер бала Бауыржанның бойында туған өлкесіне деген махаббатын оятқан шығар деп ойлаймын.

„Отан үшін отқа түс, күймейсің" дегендей отанын сүйген адам елін ешқашан сатпайды. Оған дәлел Бауыржан болып табылады. Ол жерін сақтау үшін барлығын тастап, отқа түсіп, жау тылына барып өмірін құрбан етуге дайын болды. Бауыржанның үміті ақталып, халық үшін ұлы тұлға атанды.

Қазіргі таңда Бауыржан Момышұлына арнап ескерткіштер салынып, оның қаһармандығы жайлы кітаптарда жазуы. Балалар ұлы тұлғаны мақтан тұтып, кіші кезінен оның өмірбаянын біліп таниды.

Мен Бауыржан Момышұлын еске алсам жүрегім лүпілдеп, елімді қорғаған батырлар үшін мақтаныш сезімі пайда болады. Соған қоса Б. Момышұлын басқа ұлт өкілдері де мақтан батыр санайды. Ол Бауыржан Момышұлының шын мәнінде ұлы тұлға екендігін дәлелдейді.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Бауыржан Момышұлы секілді тұлғаның ұлтжандылығын, ұлылығын есте сақтау біздің міндетіміз. Еліміз үшін күрескен тұлғаларды ұмытпайық!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ұлтжандылықтан жаралған ұлылық.

Б. Момышұлы – Мәңгі дивизиясындағы, қазақ жерін қорғаған, командир, атақты тұлға. Оның ерлігі қылышпен тасты қаққа жарғандай, руна жазбалары сияқты ана-жеріміздің, қазақ халқының жүрегінде мәңгі қалады. Ұлы-Отан соғысы кезіндегі намыс пен қаһармандығын көрсете білген батыр. Мәңгі дивизиясының 316 ротасын сүйреген. Ерлігі мен батылдығы үшін „Халық Қаһарманы" атағы берілді.

Біздің қазіргі жарқын күніміз, мазасыз түніміз, жеп-ішкеніміздің арғы жағында сол бір Б. Момышұлының соғыс күндері, ұйқысыз түндері, аштыққа тап болған аяусыз халық тұр. Осыны біле тұра, қалайша қазақ батырларын саяда қалдыру керекпіз?! Халқы үшін жанын пида еткен, күні-түнімен жазу жазып жатқан сол Б. Момышұлы емес пе еді?! Дәл осындай азаматтардың қаны әрқашан мықты, намысы арландай болып тұрады. Көп ойландым, көп толғандым, алайда өзінің айыр-жанын қарапайым халық үшін сөгу екіден-бірдің қолынан келе бермейді ғой! Яки, Б. Момышұлының тұрақтылығы – тұяқтай таймас болған. Деректерде айтылғандай Б. Момышұлының қабағы тиюлы қатаң болған. Оның көзінен, жанның „Отаным үшін!" дегені жалындай жанып тұрды. Демек, оны әдеби, тарихи тұлға деп те атауға болады. Б. Момышұлының шығармашылығы, зеректігі бала кезінен байқалғаны бәрімізге мәлім. Оның шығармалары саяси жағдайларды, сол кезеңнің ауыр жақтарын, хикаясын



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

жеткізуге, қазақ халқының намысын оятуға негізделген.

„Ұлы мақсаттарды - тек ұлы халық қана қоя алады" деген Елбасымыздың сөздерінде мәржан бар. КСРО кезінде дауыс көтерендер, азаттық үшін күрескендер - ұлы тұлғалар! Б. Момышұлы қазақтардың мәртебесін көтеріп, болашақтың шаңырағын биік көтерендердің бірі. Өз дәуірінің батыры, ұлтжандылықтан жаралған ұлылықтың символы мен алтын діңгегі - Бауыржан Момышұлы!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Кенесары-Наурызбай" жырындағы көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшеліктері:

Азаттық үшін күрескен, ел үшін еңіскен қос жанды бабаларымыз Кенесары мен Наурызбай. Екеуі ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жетелеп, халықтың көз алдында уақыт өткенмен қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырап тұратын тұлғалы тұлғалар. Екеуін еске алғанмен, сонау Ұлы қазақ хандығының бастауалушылары Керей мен Жәнібек еске түседі емес пе?! Екеуі бір-біріне серік болып, әр көтерілісте терімен алған тәтті жеңіске жетумен өмір жолын өткен еді. Оларды білмейтін қазақ жоқ дейді. Мұнымен келіспеу мүмкін емес деп ойлаймын. Қастерлі де аялы есімдері жалғыздан аталынбайтын еді. Қанаушы дұшпандардың өзі есімдерін естігенмен, денелері дір-дірлеп, қорыққандары сонша өздері-ақ қашуға дайын болатын. Негізі „Кенесары-Наурызбай" деген тұлғалар қазақ даласында көп кездесе бермейтінін біз анық білетініміз түгіл, барша адамзаттың ғұмырында да кездесетіні ғасырларда бірге тең жектеу қойылғандай. Сондықтан да, қаһарлы, намысы оттай қызып тұрған батыр-қолбасшымыз Кенесарының және екі талақ жілікті, ор рухына толы кіші інісі Наурызбайдың да орны ерекше.

[Батыр деген өз бабаларының арманы үшін жанын ашып, халықтың мүддесін қорғап қала алатын, сонымен қатар, халыққа өздері не болған ор рухымен бөлісетін, жүректерін жандыра, намысын қоздыра алатындай болу керек. Осыған орай біз мұндай тұлға-



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: KL 09-13

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника. Парақ / Страница №

лардың жазығымыздан жіберіп те. Келешек ұрпаққа атта-
рын ұмыттырмауымыз міндет.
[Кенесары мен Наурызбай шығармаларда аз кездес-
кен емес. Әр ақын-жыраулар оларды түрлі сипатта-
рымен нағыз бейнесіне келтіруге, келбетіне әрі атына сай
жазған еді. Бірақ, сол еңбектердің ең негізгісі, бізге ор-
тақ тақырып болып келетін, бұл - халықтың болмысын,
бодандыққа бас имес, еркіндікті қолға алып, талай ер
жетістікке ие болуымен „Мен мұндалап" тұратыны
тұрарлық. „Бізбен бірге жүр, қосыл ел үшін күрес" деген
~~Мен~~ ұранмен бастау аламыз.
[Қорытындылай келе, мен мұндай шешімге келдім. Ба-
тырлар қазақ егемендігі үшін патшалық Ресеймен күресу-
ді бастап, Алаш зиялары, ұлы ақын-жыраулар жалғас-
тырушылар ретінде санайтын тұлғі. Енді кезек бізге
де жетіп қалды. Олардың арманы біздің алақанымызда.
Арманға қол жетпесе де, қазіргі таңға не заманға жар-
қын болашаққа ие болуына әрі бақытқа толы болсын деген
үлкен үмітпен жүрген. Бұл Тәңірдің бізге берген сыйы. Олар-
дың өзіне қарай, менің көз алдымда қуаныш пен мақта-
ныш сезімі оянуда. Әрбір тұлғаға осындай батырлар сияқ-
ты намысы қан тамырында, ал еңсесі ер рухтан биік
сезімдей болу нағыз арман. Сондықтан да, өзіміздің та-
рихымызға көбірек мән беріп, әр сәтті көздеп өмір
жасайық. „Барлығы оңайға келмейтінің бағалай білейік,
халқым!" деген сөздермен осы ойыма нүктесін қоямын.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Кенесары - Наурызбай" - жыры, батырлық эпостық жыр. Берілген жырда елі мен халқы
үшін жанқиярлық оқиғалар көрсетіледі. Эпостық жырдың өзінде, ұлт пен тәуелсіз-
дік үшін күрес айқын бейнеленген. Осыған орай батырлар эпосында сол уақыт-
тың астарлы мәні, халықтың жағдайы, батырлардың күресі, сол заманның
ауыр қиындығы мен қаталдықтың кезеңі көрсетілген.

Мәселен, Кенесары батырымыздың әсерлі де, тұспалды түрде де жазылған, оның ерлі-
гі мен елі үшін толғай тұрғанын, осы тұспал арқылы көруге болады. Кенесары
қырғыздардан қорлық көріп жатқан елін аяп, өз өкпесін қырғыз жағына айтқан, бірақ тәкап-
парлық көрсеткен қырғыздар, өз істерін әрі қарай жалғастырған еді. Міне, осы
уақыттан бастап тарихи шолу күрес басталған еді, „Қырғыз-қазақ" соғысы.

Кенесарыға көмек ретінде оның інісі Наурызбай көмек береді. Наурызбайды эпоста
сипаттау түрінде, оның ерлігі екі есе ашылған еді, оның батылдығы қанша-
ма қырғыз батырларын бір мезетте жойғаны, бейнеленген. Оның ерлігін айқын
көрсету үшін әсерлі сөздер қолданылған. Шын мәнінде екі батырдың сомдалуына
ерекше сөздер, айқын ойлар берілген. Олардың ақылы мен парасаттылығы, жанқиярлық
істері әсерлі түрде берілген.

Өз ойымды қоса кете, осы эпостың жырда тарихи оқиғалар барлық шындық-
пен бейнеленген, батырлардың жауға қарсылығы, жорын азаматтардың күш
бірлесуі, салқындықтың әр уақытта бола алатындығы, барлық ерекше құралдар
арқылы көрсетілген. Эпостың мәні ұлт-азаттық күресінің кемелін көрсету. Соғыстың
көрінісі мен қаншама адамның, ол үшін жанқиятының көрсетеді. Тәуелсіздікті алу
үшін елдің тағдырлары, ұлы батырлардың қолында жатқандығы, заманның көлпейсізді-
гі сараланған. Әр батырдың көрінісі „Отан-отбасында басталу" - деп берілген.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

«Кенесары - Наурызбай» жырындағы көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшеліктері.

«Кенесары - Наурызбай» жыры - тарихымыздың көрінісі. Жырды осы Кенесары мен Наурызбай батырлармен бірге иық тіресіп күрескен, білімі мен білегін, қаламы мен найзасын қатар ұстай білген Нысанбай жырау жазған. Жырда көптеген көркемдегіш құралдар бар және олар қолданылуы жағынан ерекшеленеді.

Жырдың халық жүрегінен алған орны бөлек. Дәл мұндай көркем әрі ерекше жазылған жырлар кем де кем. Сан ғасырлар өтсе де бұл жыр өз маңызы мен мазмұнын жоғалтқан жоқ. Себебі бұл жыр қазіргі жастар білім алып жатқан оқулық беттерінде де бар. Мысалы, 9 сыныптың «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқулығында.

Жырда көптеген көркемдегіш құралдар қолданылған. Жыр жолдары құдды бір тарих пен әдебиет беттерінен өрілген десем де болар. Жырда теңеулер, эпитеттер, әсірелеу, психологиялық параллелизмдер мен кейіптеу, метафора да бар. Автор бұл көркемдегіш құралдарды асқан шеберлікпен пайдалана білген. Бұл шығарманың құндылығын жоғары деңгейде жазылғанын көрсетіп тұр деп ойлаймын.

Шығарманың жоғары деңгейде жазылғандығының тағы бір дәлел - көркемдегіш құралдарды пайдаланудың ерекшелігінде. Автор қарапайым теңеулер мен эпитеттердің өзін қалай керемет қолданған десеңші! Жыр өте әсерлі жазылған. «Ақ алмастай жарқылдап», «Қайзағайдай шартылдап» деген жыр жолдарынан теңеулерді көре аламыз. Бұл теңеулер Кенесары мен Наурызбай образдарын ашып көрсетіп тұр. Менің ойымша автор эпитеттерді де кейіпкерлердің образдарын ашу үшін



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

пайдаланған. Мысалы, «Кенесары-Наурызбай атағы шығуы аңызынан» деген де жыр тағы бар. Бірақ әрбір жазушы өз шығармасында осы көркемдеуіш құралдарды пайдаланады емес пе? Иә, бірақ көбінесе тек оқиғаны сипаттау үшін немесе кейіпкерлердің сырт келбеттерін сипаттау үшін ғой. Ал Нысанбай жырау осы қарапайым көркемдеуіш құралдарды өте ерекше пайдаланған. Ол көркемдеуіш құралдар арқылы әр кейіпкердің ішкі жан-дүниесі мен мінезін аша білген. Менің ойымша, сол кезден қазірге күнге дейін бар мәселелерді де қозғай білген. Мысалы, алауыздық пен сатқындық. Дәлел ретінде Рүстем мен Сыпатайдың сатқындығын келтіре аламын. Бірақ, мұндай жырдың ерекше бағы оның әдемілігі мен көркемдегіш құралдардың жері емес шығар. Мүмкін, жырау сол оқиғаны өз көзімен көргендіктен болар? Нысанбай жырау жыр жолдарына өзін де қосады, күйінеді. Батырлардың қайтып келмейтіндігін сезіп қайғырады. Шығармада Кене ханның ашуы, Наурызбайдың ерлігі, Дулаттардың сатқындығы, тауда болған шайқас, Ерназ батырдың тұтқынға түсуі мен тағы да басқа көптеген оқиғалар суреттеледі. Осы оқиғалардың барлығы көркемдеуіш құралдармен көркем суреттеліп, шығармаға көркем бейне беріп тұр.

Бұл жыр тарихшы үшін аса құнды. Талай жыл ұлт санасында елес-елес естеліктер болып қана сақталған бұл оқиғаның жыр болып, қағаз бетіне түсуі - үлкен қуаныш. Бұл жыр бізге Наурызбай батыр тұлғасын ашып көрсетті. Бұл жырдың халқы үшін маңызы зор. Жыр өте әдемі әрі ерекше жазылған. «Кенесары-Наурызбай» жыры келешек ұрпаққа да жетеді деп сенемін!

(370 сөз).



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: KL 09-16

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

«Ұлтжандылықтан жаралған үлгеміз»

Қазақ халқы үшін өзінің ерлігін, қайсарлығын көрсетіп, азаттық үшін керемет батырлығын танытқан тұлғаның бірі. Ол қашан ойлап, ұлтының орнына қойып келіп, түн күн демей атысқан жан. Қайсарлығы мен әділеттілігімен халықты тәнті қылған сарбаз.

Менің ойымша, ұлтжандылықтан жаралған үлгеміз-тің бірі - Бауыржан Момышұлы. Оған тікелей дәлел оның өмірге қалдырған ерлігі мен қайсарлығы. Халық қиналуда болып, сол Отандығынан, еркіндіктен, және балаңның құқығынан айырылып жатқанда, бүкіл туған халық қамы үшін жанымен қорғасқан. Ата-бабаларымыз айтқандай: «Бейбітшілікте ақын бол, Ашу кезде шешен бол, Бауыржандай қайсар бол» деген. Яғни, осы нақты сөзден кішкентай кезімізден осындай ұлы адамдардың насихаттауға, бізге, үлгі алуға баулиды. Өзінің тек қатал жазын білмейте, жаны сыпайы, мейірімді, әділетті болып кеткен. Жаулар "Қазақтың ұлы Бауыржан келді" дегенде аяқ қолдары дірілдеп, қорқыныштан қашқан. Бауыржан атақты соғыс түбегелер арқылы біз адамат болып, азаттыққа қол жеткіздік. Кеңес үкіметінің қатал заңдары, орыстандыру және геноцид жасау, екі жылдай жерді тартып алып, бірнеше санақтарды енгізді. Бұл деректе, халқымыздың жағдайы нашарлап, бірнеше адам мерт болды. Жаудан қорқып үйлерінде тығылып жатқандар қанша ма?! Сондай адамдардың соңына еріп, оптырды жаралып үлгі қажет деп санаймын. Қазіргі заманда


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: KL 09-16

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

сондай адамдар аз емес. Тек өзінің жеке басын, ақшасының ойлап жүргендер қаншама! Елде әділетсіз адамдар бірікте отырып, өздеріне ғана тиімді пайданы ойлайды. Әрине, Б. Момышұлы, С. Датұлы, М. Өтемісұлы сияқты азаматтар жоқ емес бар. Бірақ, олардың үлгі дәрежесіне жету тек "мыңнан жүйрік, жүзден тұлпар" жанға тиесі. Б. Момышұлы бүкіл өмірін азаттық үшін арнаған. Бүгінгі біздің бостандықтағы көңілсіз, кірсіз кем-кемшіліксіз, жылы үй, сабырлы, тыныш ұйқымыз ол кісінің арқасы. Бар күшін ел бүгініне салған ата-бабаларымызға алғыс! Ел бірлігі, ұлттың тәуелсіздік, азаттықтың сол кездегі адамдардың жаңғырған арманы, болашағы. Оған тікелей дәлел: Майдан біздің бұзылмадары, Б. Момышұлының өлеңдері жатыр! Елімнің ұлы жанашыры, мақтанышымыз, шайқаста қаза болып, дүниеден өтеді...

Осыны қорта келе, ұлтжандылықтан жаралған ұлылық - Б. Момышұлы. Өзінің қабілетімен, күш қуатымен, қаһармандығымен елді біріктіріп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, күні-түні атысып, халық ұйқысыз тарихында, естелігінде өшпес із қалдырды. Азаматтың борышын орындап, азаттық үшін күресіп, қолы жұмсады. Оның үлкен ерекшелігі - ол әр нәрсеге әділетті қарап, бәрімен тең дәрежеде сөйлесіп, қатаңдығын танытқаны. «Ұлы болған, ұлық болған жоқ еді, мәңгіге ұмытпайтын ұл еді» деп, сөзімді аяқтаймын.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе:

Менің ойымша, ұлтжандылықпен жаралған ұлылық дегеніміз, халқын, елін, отанын қорғап қалу үшін барлығын жасайтын адам. Сондай адамдардың арқасында біз қазіргі кезде тәуелсіз, бақытты, елде өмір сүріп жатырмыз. Өзінің елі үшін бәріне дайын болатын адамдарды құрметтеп, әрқашанда жүрегімізде ұстауымыз қажет. Өйткені осы адамдар ұлы, елі үшін бәріне дайын адамдар.

Сондай жауынгердің бірі Бауыржан Момышұлын (аты) жай ғана айтпай, мақтап айтамын. Өйткені елімізде сондай ұлы, жігерлі адамдардың өмір сүргеніне мақтанамын. Бұндай ұлтжан адамдардың барына мен қатты қуанамын. Олар біздің елімізді, болашағымызды ойлап өте көп тер мен қанын төкті.

Бауыржан Момышұлы еліміздің мақтанышы, және де елін қорғаған ардагер. Осы ардагерлердің арқасында қазіргі таңда біз тәуелсіз, бақытты, жан елде өмір сүріп жүрміз. Бауыржан Момышұлы - қазақ елінің ұлы ардагері, Ұлы Отан соғысында елі үшін жанын берген мергенде болған қайсар ардагер. Соғыс кезінде халық үшін, болашақ балаларымыз үшін барлығын жасаған. Сондай адамдарды ұлтжан адам дейді деп ойлаймын.

Ұлы Отан соғысы болған уақытта, көптеген адамдар, өз жақын адамдарын жоғалтқан болатын., сол себептен адамдардың жартысы өз жақын адамдарынан айырылды. Аталарымыз біздің болашағымызды ойлап, өзінің ұрпағын сақтап қалу үшін басқа елдермен соғысқан. Біз ата-бабаларымыздан үлгі алуымыз қажет.

„Соғыста тек жігерлі көп адам жеңеді" деп текке айтпаған. Мен осы мақал-мәтелмен түбегейлі келісемін. Өйткені, осы мақалда жазылған әр сөз адамға жігер мен елдігін береді. Ал жігер мен елдігін болмаса адам әр сынақта сүрініп құлауы анық дәлелденген. Аталарымыз соғысқан кезде өз туыстарын өзінің ұлы елдігіне, өзінің отбасысын сақтап оларды есіне түсіріп, соғыстың арқасында әр жеңуді, соғыстағы әр сынауында жеңісне



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

жетті деп ойлаймын.

Сондықтан да, қазіргі кезде біз бақытты, тату, қонақжай елде өсіп-өніп жатырмыз. Әр адам бізді қорғап қалған адамдарды ұмытпау үшін, қазіргі кезде әр көшеміз ұлы ардагерлердің аттарымен аталған. Мысалы, Бауыржан Момышұлы көшесі, Абай Құнанбайұлы көшесі және де басқада танымал тұлғалар аттарымен аталған. Одан да басқа, мектептер мен қаламыз ортасында танымал аталарымыздың ескерткіштері орнатылған. Әр жыл сайын сол адам туған күнінде сол ардагерге құрмет ретінде гүл мен одан да артық заттарды жанына қояды. Ұлтжандылықтың жаралған ардагерлерімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет. Олар әрқашан біздің, әр адамның жүрегінде қалуы абзал.

Қорытып айтсақ, ұлы ата-бабаларымыздың, ең бастысы Бауыржан Момышұлының ғажайып тұлғасы, олардың қалай осы тәуелсіздікке жеткенін ешқашан ұмытпай, олар жайлы түрлі фильмдерді қарап көзімізге жас алып қарауымыз және де ұмытпау ең басты мақсат болу қажет!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором KL09-18

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

„Кенесары-Наурызбай" жырындағы көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшеліктері.

„Кенесары-Наурызбай" жырында батырлардың күйттас қайсарлығын, олардың соғыстарын және де бастарынан өткерген тарихи оқиғаларды бейнелеу үшін әртүрлі көркемдегіш құралдар қолданылады. Мысалы, эпитеттер, теңеулер, метафора, ассонанс, аллитерация және де тағы басқалары. Осы көркемдегіш құралдардың барлығы жырдың оны оқитын адамдарға түсінікті етіп әрі көркем тілмен әдемі жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Кенесары хан – 1847 жылдары өзінің батылдығымен танылған ержүрек батыр болып табылады. Ал Наурызбай батыр Кенесары ханның інісі. Ол да өзінің ержүректілігімен танылған қазақ батыры және де жүрек жұтқан батырлардың бірі болып табылады. Жыр батырлардың ұлтжандылығымен қоса, олардың ерліктерін өте көркем жеткізеді. Елін шексіз сүйген, жау алдында қаймықпаған батырлар бейнесі халқына рух беріп оларды жігерлендіреді. Кенесары-Наурызбай жырындағы батырлар тұлғасы ұлтың ұрпақтар мен тәрбиеге үлгі етер етіндей мағынаға ие. Бұл жырларда батырлардың ерлігі мен туған жеріне деген сүйіспеншілігі көрсетіледі. Кенесары мен Наурызбайдың батырлық тұлғасы жырда зұлымдыққа, тәуелсіздікке қарсы күрескен, халқының бостандығы үшін өз өмірін қиған батырлар ретінде бейнеленген. Олардың ерлігі мен күресі халыққа патриотизм, әділдік, ерлік және ұлтқа деген сүйіспеншілік ұғымдарын насихаттайды. Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен бұл батырлардың бейнесі ұлттық мақтанышымыздың белгісі.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

KL D9-18

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Кенесары хан - қазақтың бірлігін сақтаған, тәуелсіздікті қорғау үшін күрескен тұлға. Жырларда Кенесарының тұлғасы тек қана жаужүрек батыр ретінде ғана емес, сонымен қатар дана басшы ретінде сипатталады. Оның ерлігі мен қайсарлығы қазақ халқының бірлігі мен азаттық жолындағы күресін бейнелейді. Наурызбай - Кенесары ханның інісі, оның сенімді серігі және ұлы батыр. Наурызбайдың бойындағы қасиеттер оның батырлық қасиетін айқындайды. Ол, әсіресе, жауға қарсы бетпе-бет шыққан кезде ерлік танытып, батыл шешімдер қабылдай білген. Жырларында Наурызбайдың жігері мен батылдығы, тәуелсіздік үшін күресі көрінеді.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

«Кенесары – Наурызбай» жыры – қазақ еліндегі аса маңызды рөл алған оқиға туралы жазылған жырлардың бірі. Жырдың басты тақырыбы Кенесары бастаған ұлт азаттық қозғалыстың маңызды оқиғалары мен оның себебі, ерлік көрсеткен тұлғалар жайында бейнелеп, көрсету.

Ресей отарына қарсы тұрған Кенесары мен Наурызбай батырдың жасаған ерліктері, қоғамдағы рөлі жырдың басты орнын алу да. Оқиғаның басынан бастап, оның себептерін, салдарын және белсенділік танытқан әрбір тұлға жайында атап кеткен. Автор, өз жырында тек тарихи құндылығына тоқталып кетпей, әдеби нормаларды сақтай отырып, эстетикалық құндылыққа толы, шығарманы жазған. Тарихи құндылығына тоқталып кетсек, жырда қазақ халқының мәңгілік есінде қалатын тарихи оқиға бейнеленген. Сонымен қатар, осы оқиға да өздерін танытқан тұлғаларды атап, жасаған ерліктері туралы айтып кеткен.

Автор тек қана оқиғаны толық беруімен, білуімен ерекшеленбей, сонымен бірге троптарды керекті әрі дұрыс жерде қолданған. Яғни көркемдегіш құралдарды дұрыс қолдана алып, жырдың эстетикалық құндылығын арттыра алған.

Жоғарыда айтылған көркемдегіш


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
KL 09-19



құралдардың қолдану ерекшеліктері туралы да айтып кетейік. Жырдың әрбір жолында аллитерация және де ассонанс деген көркемдейтін құралдарды көруге болады. Сонымен қатар, әрбір туғанын образына кіріп, троптармен берген. Мысалға, Кенесары хонды бейнелеген кезінде автор теңеу сияқты көркемдегіш құралдарын қолданған. Осылайша автор өзінің шығармасына тарихи оқиғаны бейнелеп, оған қоса отырып көркем-әдеби шығарма жазған.

Қорытындылай келе, әрбір ақынның шығарма жазуда өзіндік ерекшеліктері болады және де оларды дұрыс қолдана отырып, әрбір шығарма эстетикалық құндылық жағынан өте жоғары болады.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
KL 09-20

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Б.Момышұлы біздерге үлгі болатын тұлға. Момышұлының еңбегі ол әр қазақ баласына керекті дән. Момышұлының әр басқан қадамы ойланған, егер осы кезде Қазақ халқына деген барын қалдырмаса, Қазақтар осы күнін қалай сүрер еді? Әр жасаған әрекетінің артында сонша тер, қан жатыр. Әр сөзінің, жасалған қадамының алдында өз болашақ халқы үшін төккен жүректілігімен әр қазақ мақтануы керек. Момышұлындай әр қазақ баласына мінез, рух беретін ұлы тұлғаларымыз барына қандай мақтаныш сезімі келеді! Негізінде Ұлтжандылықпен жаралған ұлтымызды әркім бір жолмен жүргізу керек деп ойлаймын. Қазақ халқының ұлы тұлғалары туралы айтар сөз көп.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором KL09-21

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Шешендік толғау және ондағы айшықтау мен құбылту түрлері

Шешендік өнер – қазақ әдебиеті, тарихы мен мәдениетінің маңызды бөлігі. Оны айшықтау мен көрсетудің сан алуан түрлері бар. Олардың ең бастысы – қызыл тіл.

Қазақ халқы бұрыннан өнерге, сонымен қатар шығармашылыққа өте жақын халық болды. Өлең, жыр, суырып салма – бұның барлығы шешендік өнердің негізі, яғни, бастамасы болып келеді.

Шешендік өнердің майын шайқап, оның қалыптасу кезеңіндегі дамуына өз үлестерін қосқан атақты тұлғалары да бар. Шешендік өнер өз бастауын Аяз би мен Майқы биден алғаны бәріңізге мәлім. Майқы би – атақты шешен, суырып салма ақыны және шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан тарихи тұлға. Алма Түсіпбекова айтқанындай: "Төрен сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би". Содан бері шешендік өнердің тарихында өз аттарын ұлы шешендер ретінде қалдырған: Мөңке би, Әйтеке би, Қазыбек би, Төле би, Әнет би шешендік өнер гүлденуі үшін көп еңбек етті. Олар өз шығармаларында адалдық, мейірімділік, қайсарлық, ізгілікті аңсаған. Сонымен қатар шешендік өнер бізді тілім-тәрбиеге де баулиды. Шешендік өнер біздің тарих пен мәдениетіміздің маңызды



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
KL 09-21

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

бөлігі болғандықтан, оны білу және зерттеу – біздің міндетіміз.

Қорытындылай келе, халқымыз үшін, өнердің маңызы мол, ал шешендік өнер өз тарихы мен еркіндігімен ерекшеленеді. Ата-бабамыз айтқандай:

"Шешеннің сөзі – мерген,
Шебердің көзі – мерген".

Сондай құндылықты біз сақтап алып, оны балаларға мақтаныш сезімімен асқақтатуымыз қажет.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором KL 09-22

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

„Кенесары-Наурызбай" жырындағы көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшеліктері

„Кенесары-Наурызбай" жыры қазақ әдебиетіндегі ең ерекше, маңызды жырлардың бірі. Осы жырда көтеріліс жайлы, осы көтеріліске біздің арыстандай атабатты батырларымыз қатысып, қандай үлес қосқаны жайлы айтылған. Осы жырда өз ерекшеліктері бар. Бірақ ол қандай ерекшеліктер деген ой келеді

„Кенесары-Наурызбай" жыры көптеген жылдар бұрын жазылса да қазіргі уақытқа дейін өте жақсы сақталған. Басқа жырларға қарағанда да біз осы жырды дұрыстап, түсініп, шынымен сол уақытта көтеріліс қалай болғанын, өткенін жайлы оқи аламыз. Өйткені осы жырды басқа бір адам емес, сол көтеріліске қатысқан, көрген жырау жазған. Сондықтан осы жырда бізге әр кейіпкердің көңіл-күйін, оларға қаншалықты қиын болғаны жақсы көрсетілген. Менің ойымша егер „Кенесары-Наурызбай" жырын басқа бір адам жазса ол осыншама қызықты, түсінікті болмайтын еді. Өйткені әр адам, әр ақын өз ойларын басқаша білдіреді. Ал көрген адам ештеңе қоспай, қалай болды солай жазады.

Бізге осы жыр қалай келсе, солай біз оны келесі ұрпаққа жеткізуіміз керек. Өйткені осындай ақиқаны, тарихты, батырларымызды ұмытпауымыз керек.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ